

Өмірбаян

Мұңалов Мұқан (1919- 1990ж)

Мұңалов Мұқан- 1919 жылы 7 наурызда Түпқараған ауданының Түбіжік жерінде дүниеге келген. Қаңғадағы бастауыш мектептен білім алып, мал шаруашылығымен айналысады. 1940 жылы әскер қатарына алынып, әскери борышын Ашхабад қаласында өтеп жүргенде соғыс басталып кетеді.

1942 жылы соғысқа аттанып, генерал-майор Ф.Д.Захаров басқарған 149 атқыштар дивизиясы құрамында, 568- ші артиллерия полкында бөлімше командирі болған. 1945 жылы Чехословакияны азат етуге қатысады. 1946 жылы сәуірде армия қатарынан 6 жыл дегенде оралады.

1944 жылы Украинаның оң жағалауын азат ету операциясы кезіндегі ерлігі үшін III степени «Славы» орденімен, 1985 жылы 2- ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталады. 1970 жылы «За доблестный труд в ознаменовании 100- ления со дня рождения В.И.Ленина» медалімен, 1979 жылдан бастап «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 30,40,60 жылдық мерекелік медальдарымен, 1979 жылы «Ветеран труда» медалімен марапатталған.

СССР Жоғары Советінің Жарлығымен Ұлы Отан соғысының 40 жылдығы жеңісіне орай 1985 жылы Соғыстан елге оралғаннан кейін, «3-ші Интернационал» балықшылар колхозында балықшылықпен айналысып, 1949 жылы Астрахань қаласынан үш айлық курс бітіріп, кеме жүргізуші мамандығын алады.

Кеме капитанының көмекшісі болып осы колхозда 1963 жылға дейін жұмыс жасайды. 1969 жылы «Бозашы» РС балық аулау кемелерінде капитан болады, қыс айларында итбалық аулайтын, теңіздегі қауіп-қатерге толы қиын сәттерден кеме экипажы мен кемемені аман алып қалып жүрген. Жыл сайын адал еңбегінің арқасында Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен «Октябрь революциясы» орденімен, 1974-1976 жж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің құрмет грамоталарымен марапатталды. 1990 жылы қайтыс болды.



А № 142864

Муханов
Мухан

ЗА ХРАБРОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО,
ПРОЯВЛЕННЫЕ В ВОРЬБЕ С НЕМЕЦКО-
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТЧИКАМИ,
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ
ПОБЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА
В БЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941 — 1945 ГОДОВ

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

14 марта 1985 г.

НАГРАЖДЕН ОРАДЕНОМ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
III степени

Секретарь Президиума
Верховного Совета СССР

№ ордена

5408967

